

Ж. ҚАМАЛҚЫЗЫ

## Р.БЕРДІБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫң ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРЕІ

Қазақ әдебиеттану ғылымында романның көркемдігі деген мәселенің күрделілігін сөз ету – сонау А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» басталып, үздіксіз сөз болып келе жатқан, алдағы уақытта да жалғасын табатын мәселе. С.Мұқанов ен алғаш рет «Абай» романы туралы қолжазбаға баға берген екен. «О романе «Абай» я высокого мнения. Я думаю, что по своему художественному уровню он куда выше, чем пьеса, и стоит на уровне романов настоящих мастеров прозы Европы» дегенді жарық көрмеген (кітап 1942 жылы шыкты) кезде, яғни 1941 жылдың 29 мамырында жазды], – дейді профессор Т.Кәкішев[1]. Бұл – романның сол кездердегі социалистік реализм шенберіне сия қоймайтын тақырыбы мен көркемдік қуатының өзгеше сипатын таныған сыншыл ойдың ғана бере алатын бағасы.

Сонымен қазақ жаңа романдарына нағыз әдебиет заңымен теориялық талдаулар М.Әуезовтің «Абай» романынан кейін басталды деуімізге болады. Роман баспадан шықкан мезгілде «Социалистік Қазақстан» газетінде ғалым Б.Кенжебаевтың «Абай» атты мақаласы да жарық көреді. Романдық сипатта ие екендігін атап көрсетеді [ 2;101.]. Романға ғылыми жүйелі баға берген жазушы F.Мұсірепов екен. Ол туралы З.Қабдолов: «Асылы, F.Мұсіреповтің «Абай» романы туралы» деген сын мақаласы – әдеби эстетикалық талдаудың үлгісі» [3;48.], – дейді.

«Абай» – казақ совет әдебиетінде «роман» деген үлкен мағынаға толық жауап беретін бірінші роман» [4;164.], – деп кесіп айтады. Біздің ойымызша, романға теориялық талдаулар жасау осы мақаладан басталады. «Абай» романының көтерген мәселесінің биіктігін, мәнгі өлмейтін үлттық руханияттың көрінісі екенін, оған дейінгі романдардың көтерген мәселесінің белгілі бір дәуірдің ғана талабын орындайтынын батыл айта алған. «Шынында, шықкан табы жақсы, не болмаса, өзі адаптацияші деп, қатардағы колхозшымен, кара-байыр жұмысшының, не болмаса халықтың қызы деген боп, үй бағып қалған әйелдеріміздің ойла-рын үлгі көрсек, әдебиет өсе алмайды» [4;164.]. Роман бүкіл үлттың санасында қорғасындағы бал-қыған терең ойдың, үлт тарихындағы белгілі

шешімін күткен мәселеге жазушының берген көркем жауабы болуға тиіс екенін ұқтырады.

Романға нағыз роман жанрының заңдылығымен баруына екі түрлі себеп бар деп ойлаймыз. Біріншіден, роман социалистік реализмнің қатаң ережелеріне «сыймайды». Романдағы тұлғалар социалистік реализм талабына көнбейді. Енді оны романың теориялық заңдарымен түсіндіруден басқа жол қалмайды. Екіншіден, роман халықтың сағынышын басқандай, жоғалтқанын тапқандай шын өнер туындысы болғандығында. Идеясы мен тақырыбын мадактап, мазмұндай жөнелген саяз сынға бұл роман бата қоймайтын. Демек осындағы сынды романың өзі қажетсініп түрді. F.Мұсірепов осыны жақсы түсінді. Белгілі теоретик ғалым З.Ахметов те әдебиет теориясының дамуына, әдебиет шығармасының өзі қажетсінетінін ескерtedі. «Усложнились и сами характеры, наблюдается стремление показать характер героя в динамике, в процессе эволюции, раскрыть его сложную диалектику»[5;195.]. Міне осындағы күрделенген характерді тануда әдебиеттің өз заңы ғана шындыққа жеткізетін еді. Кемеліне келген романдардың жазылуы – әдебиеттандыру ғылымының өз жолымен дамуына да ықпал еткені анық. «Жеке адамға табынушылық өріс жайған кезде әдебиеттің өзіне төн көптеген сипаттары ескеріле бермейтін еді. ...шығарма кейіпкерлері пәлендей қайшылыққа, құреске түспей-ақ оңай жеңіске жететін. Бірсыныра романдаға қаһармандар мінезін ашпай қоймайтын таралғы үзілер тартыс деген болмай келді. Осының салдарынан кейіпкерлер ақырат өмірлік байланыстарыныз, жалан, стандарт күйінде көлендейтін. Алдын ала жобалаған шамадан тайғызбай, мойын бүрғызбай, жасанды жолмен мұратқа жеткізу екінің бірінде-ақ кездесе беретін. Бұл кемшілік бір емес, екі емес, сан шығармада орын тепкен. Ал қаһармандардың шын өмірі, шын ансары көрсетілмеген жерде шеберлік мәселесін сөз етудің өзі де артық саналар еді. Сюжет, композиция, тіл, тақырып дегеннің бәрі адам образын жасау үшін қажет қой. «Тартыссызыңың» теориясының үстем кезінде бұл проблемаларға зерттеушілердің терендереп бармауы да әлдекалай ұмытшақтық емес-ті» [6;6.], – де-

ген Р.Бердібай сөзі осыны түсіндіреді. Ә.Қоныратбаев: «....тіл, композиция, сюжет, тарыс, образ току, суреттеу тәсілдерінде қандай ізденистер бар, киялдау, талдау, роман философиясы дегеніміз не қүйде, бұрынғы—соңғы классикалық романдардан не үрленеміз, роман жанры өсіп жетілсе, соның барлық проблемасын біз шешіп жеттік пе, роман жанрындағы стиль ұқсастығын қалай женеміз дегендерді кең толғап, жол сілтеп отыруымыз керек. Ол әдеби тәжірибелін өзінен туура тиіс. Соған теориялық өлшемдер меже болмак» [7;60.], – дейді. Сондықтан романды әр қырынан зерттеуге мүмкіндік ашылды да, романтану ғылымы қайта, XX ғасырдың басындағы қарқынымен құрт жанданды. Бұл ғылымның өркендеуіне сол кезеңдегі белді сыншылардың алғыра да білікті сын енбектері көп көмегін тигізді. Е.Исмаилов, М.Қаратасевтардың соңын ала С.Қирабаев, А.Нұрқатов, Р.Бердібай, Т.Кәкішев, М.Дүйсенов, З.Ахметов, З.Қабдолов сынды сол кездегі жас ғалымдар романтану ғылымына соғыстан кейінгі толқын ретінде тың ізденистерімен өз үлестерін қости. Романтану ғылымы қазақ романдарының шеберлік қырларын тануға бет бұрды. Шеберлік мәселесіндегі екі түрлі көзқарасты академик М.Қаратасев былайша анықтап кетеді. «Шеберлік дегенді тек қана тіл ұстарту, көп болғанда көркем бейнелеу құралдарын шындау деп тар мағынасында түсінуге байланысты. Дұрысында шеберлік дегеніміз – өмірдін, адам жанының диалектикасын ақықат, жіті бейнелеу әдісін, амал-тәсілдерін тұтас игеру деген сөз. Федин айтқандай, ол өмір құбылыстарын бақылаудан басталып, өмір материалдарын сұрыптауы, іріктеуі бар, типтендіруі бар, тіл пайдаланып стиль қалыптастыруы бар, – соның бәріне жететін процесс, – қысқасы, көркем шындық жасау компоненттерінің барлығын қамтитын саты» [8;243.]. Атакты ғалым роман жанрының көркемдігі дегенге қойылар талапты осылай нақтылай көрсетеді. Кейбір сыншылардың көркемдік талаптың не екенін түсінбей, көркем шығармаларға баға беру тәсіліне қатты сын айтады.

«Әуелі социологиялық долбарлар жасалады да, макаланың сонында ғана көркемдік туралы бір-екі ауыз бірдене айтылады, онда да көркемдікті идеялық жүйеден жырып алып, жамау ретінде жapsырады. Немесе, шеберлікті дербес мақсат етіп алғансып, шығарманың жанры қайсы, көлемі қандай, кім атынан баяндалады, сөз құрасы қалай, басты геройы кім, сюжеті, тартысы қалай құрыл-

ған, өлең өлшемі, үйқасы қандай деген сыншылды категориялардың біреуін ғана жырып алып, оны да жақсы айтып жарытпайды» [8;243.]. Жазушы шеберлігі мен роман көркемдігіне баға беру – жоғарыдағы айтылған талаптар түгелімен қарастырылып барып бағалауға болатын тым терен танымды, білімді қажет ететін жауапты мәселе. Академик Р.Нұрғали: «Әуезовтің құбылыстарды тандау, эстетикалық баға беру көрегендігін, оны идеямен байланыстыру тапқырлығын, материалдарды орналастырудың шеберлігін ежіктегіштік, әріп кеміргіштік дертіне шалдықкан мыжыма методология ешқашан танытып бере алмайды. Бір сөзді, бір сөйлемді, бір ситуацияны, бір кейіпкерді жырып алып, суреткер даралығын көрсетпек әүрешілікпен де «Абай жолы» эпопеясының маңынан жүре алмайсын» [9;81], – дейді. Бұл жалғыз бір роман туралы айтылған деуге болмайды. Барлық романдар ондағы жеке жарым көзге түскен жақсы бір суреттеумен баға беруге көнбейді. Тұтас өмір суреттелгендейтін, сол тұтас-тыққа тұтас баға бере алатындаи методологияны қажет етеді. Қазақ романдарын бағалайтын ғылым бір адам ғана жасай алатын, женіл айтыла салатын нәрсе емес. Қазақ романының теориялық негіздеріне сол кезеңдегі сыншылар, ғалымдар, жазушылар түгел катысып, әр қырынан толықтырып отырғанын көреміз. З.Ахметов те өз қорытындысын ұсынады: «При изучении поэтики романа, его структуры очень важно художественные особенности рассматривать в единстве с содержанием, все компоненты во взаимосвязи друг с другом, при этом уметь выделять прежде всего стержневые, главные моменты, определяющие своеобразные черты его целостной структуры» [5;232.].

Осы кезеңде ірі сыншы, көрнекті ғалым болып қалыптасқан Р.Бердібайдың ерекшелігі романдағы жетістіктің, кемістіктің сырьы неде екенін нақты теориялық зандылықпен көрсетуінде деуге болады. Р.Бердібай өз сын енбектерін ө дегеннен-ақ романның классикалық теориясына негіздел, ғылыми талдаулар жасаған, характерге жетпей тұрған не нәрсе екеніне көз жеткізе баға берген. Зерттеулерінде көнігі әдебиет занымен романның жанрлық ерекшелігіне сай ондағы характердің толымды берілу шарттылықтары тұрғысынан келіп ғылымға араласты. Өз тұстастарының тақырыптарына соқпай, қазақ әдебиеттану ғылымының ен бір қыын да, түрән салынбаған жерінен келіп өз соқпағын түсірді. Романдағы характер мен сюжеттің бірлігі, харак-

тер мен оқиғаның қатынасы, характер жасаудағы жағдайдың қызметі, характердің психологиялық жағынан толымды шығуы сияқты характердің жалпы тұтастану мәселесін сөз етті. Бұл мәселелер романның толық теориялық курсының негізі болып есептеледі. Алғашқы еңбектерінің бірінде, 1956 жылғы партияның XX съезінен кейін жарық көрген романдарды атап келіп: «Міне мұндай шығармаларға талдау жасағанда сол жанрдың талаптары мен мүмкіндіктерін жіті біліп отыруымыз керек. Бұл романдардың ұтысы да, ұтылсы да сонда айқынырақ көрінбек» [6;5.], – деп өз ұстанымының нақтылығын танытады. Роман жанрының күрделілігі оның көркемдігін танытуда ерекше ұстанымды қажет етеді. 1960 жылдардан бастап қазақ романдары өмірлік мәнді мәселелерді, ұлт тарихындағы іргелі оқиғаларды жан-жакты суреттеуге біржолата бет алғаны белгілі. Енді сол өмірлік мәселелердің көркем берілуі де күн тәртібіне қойылды. Әдеби сын мен зерттеулерде тек тақырыбы жақсы, көтерген мәселесі қажетті, совет шындығын беруге ұмтылсы күшті деген сияқты жалпылыққа жол қалмағандай. 1960 жылы Р.Бердібайдың «Қазақ әдебиеті» газетінде «Роман туралы ойлар» деген көлемді мақаласы жарық көреді. Роман жанрын зерттеудің бағдарламасы іспетті. Әсіресе сюжет пен характердің байланысы, оқиға таңдау, іріктеу, характердің сюжеттік оқиғалармен жан-жакты байланыстар үстінде көрсету сынды роман жанрын айқындайтын ең басты критерийлерді сөз етіп, романның өз деңгейінде жазылуын күн тәртібіне қояды. «Бір атап өтерлік нәрсе – бізде әлі күнге дейін сюжетке мән бермеушілік кездесіп калады. Бұған бір кездегі формалистік пайымдаулардың кең тарап кеткендігі кінәлі. Сюжетті мәнсіз нәрсе деп ұғышылық барынша қате екенін түсіну керек. Характерлерді өр қырынан ашудың ұтымды жолы оларды нақты оқиғалар жүйесіне қатыстыра отырып көрсету болмак» [10]. Атақты жазушылар С.Мұқановтың «Мәлдір махабbat», F.Мұстафиннің сол жылдары жарық көрген «Дауылдан кейін» романдарын да сынайды. Фалым авторға кінә артпайды, тек романдардың роман талабына сәйкес келмейтін тұстарына нақты ғылыми дәлелдер келтіреді, бұлтартпас айғақтармен, әдебиеттану заңымен түсіндіреді. Нағыз ғылымның талабымен салқын-қанды, өз жолын анық билетін ғалым сөзін айтады. Романның образдарында тұлғалауда кеткен кемшілік сырын сюжет пен характердің тұтастыққа жете алмауынан екенін түсіндіреді. «Аман

бейнесі шын мәнінде толысып көрінген деуге болмайды. Характер жүйелі сюжет, оқиғалар орайы үстінде толығатынын білеміз. Ал Аман орталық образ ретінде лайыкты жүк көтермеген. Біз оның жан қозғалысын, ішкі толкуларын, терең сырын тани бермейміз. ...Оның істері бар да, сол әрекеттерге жетелеген ішкі стимулы, дара табиғаты, қуануы мен қызығуы жеткілікті көрінбейді» [11]. Кейіпкердің әрекетке бару себебі дәлелденбеген. Кейіпкерін оқиға үстінде көрсетпек болып, оған себебі жеткіліксіз, дәлелсіз оқиға араластыру да жениске жеткізбейді. Әсіресе осы кемшіліктерді F.Мұсіреповтің «Оянған өлке» романынан да көп кездестіруге болады. Кейіпкер әрекет үстінде мінезін танытатыны рас. Сол әрекетке кейіпкер дайын ба, оны істеуге себебі жеткілікті ме, кейіпкердің ішкі қуаты соған жетерлік пе? Оқырман сену үшін кейіпкер «өз өмірімен» соның заңымен көрінуге тиіс. Iрі әрекетке баратын, үлкен елдің сөзін сөйлейтін кейіпкердің соған лайық характерін жазушы шеберлікпен киыстыра алуға міндетті. Мысалы, Құнанбайдың, Абайдың айтқан қай сөзіне де, істеген істеріне де оқырман сенеді. Себебі оған жазушы сол әрекеттер іstemесе болмайтындағы характер қалыптастыра алған. Дәлелдері мен себептері жеткілікті. Ал Аманға келгенде неге сенімсізбіз? «Дауылдан кейінде» сюжет пен характер онша қабыспай, біріне екіншісі қосалқыдай болып шыққан. ...Бізге әйтеуір Аманның тіл қатқаны емес, қандай жағдайда, не күде болғанының суреттелуі қызығылшықты. Сөздің өз басынан көрі, сол сөздер неліктен солай айтылды дегеннің сырын тану анағұрлым қажет ...Геройдың жанын түсінерліктеј жақындыққа, сенімге жету үшін, характердің шындығына да, сюжеттің шындығына да өбден қануымыз керек. Бұл адамдардың өзара қарым-қатынасын жүйелеп көрсетпей іске аспақ емес» [11]. Жазушы Аманнан кеңес қызметкерін шығарғысы келгені анық. Ал Шәкенді тап жауы етіп көрсетпек болған. Бірақ романдағы өмір жазушыға «бағынбаған». Шәкеннің кесек мінезі, Шолпанға берілген еркіндік пен сүйіспеншілік, Қазанғаптың Шәкен мырзаға деген шын берілген адалдығы өтірік дегізбейді. Сенімсіз шығатын жерлер сол Аманды кеңес үкіметінің қызметіне араластырудан басталады. Тап күресі Аманға қосалқы қызмет екенінде дау жок. Өз еркімен кетіп бара жатқан кейіпкерлеріне автор социалистік реализмнің жүгенін кигізгенде, іс-әрекеті түсініксіздеу,

сенімсіздеу характер шыққан. Біздің бұл пікірімізді Р.Бердібайдың мына сөздері де дәлелдейді. «Бас қаһармандарды тізбек оқиғаларға үдайы араластырып, өсіріп отыруда, характерлердің даму эволюциясын беруде әлі де біраз олқылықтар бар. Кейіпкерлер баста көрінген қалпынан көп өзгермей, характерлер тарихынан гөрі әлеуметтік істер жайы басым айтылып кетеді» [10]. Романдағы характер өз бойына сыйымсыз өрекеттер істегендегі, жалғандық, нанымсыздық шыға келеді. Ол – оқиғалардың көбейтумен де шешілмейтін күрделі мәселе. С.Мұқановтың «Мөлдір махабbat» романы туралы: «Әрине, бұл жөнінен «Мөлдір махабbat» мінсіз емес. Бәтес пен Бүркіттің тарихына қатысы шамалы, сюжетті көркейтпейтін қосалқы әңгімелер де бар. Романдағы әлсіз шықкан кейіпкерлер де осы жерлерден табылады», – дейді. “Кей жағдайда материал характерді көміп кеткен сияқтанады” [11], – деп романда характер өміріне қатыссыз қосалқы оқиғалардың кірістірілуін сыйнайды. Бұл туралы академик М.Қаратаев: «Шығарманың коғамдық материалын толықтырам деп жазушы тым шамадан шығып кеткен. Мұны Т.Нұртазин шұбаландық депті. ...Бірақ оның негізгі себебі шұбалан жазуда ғана емес, шығарманың логикалық өрісіне, сюжеттік желісіне сыймайтын көлденен, жанама жайларды жөнсіз көп кірістіруінде, көп детальдарды натуралистік қалыпта суреттеуінде (біреулердің мешкейлігі, біреулердің настығы, ескірген, көп айтылған этнографиялық материалдар, әлденендей кисынсыз аныздар т.б.), шындыққа ұқсамайтын тіпті нанымсыз картиналар енгізуінде (Бәтесті Көр-Ишанға апару. т.б.)» [12;240–241.]. Романдағы кемшілік – характерге қызмет етпейтін оқиғалардың кездесуі. Романда бір ауыз сөз, бір елеусіз оқиға болса да, негізгі характерге қызмет етуі зандылық. Бұл кемшілікті «Абай жолынан» басқа қазақтың романдарының көбінен тауып көрсетуге болады. Оймызыды Ф.Мұсіреповтің сөзімен түйіндегенді дұрыс көрдік. «Шынында «Абайдағы» ас, көш, конагасы, құдалық, ұрын бару, бәрі де ел ішіндегі қоғамдық шытырмандардың, белдес күрестердің тілегінен туып жатқан, казақ елінің өз дәстүріне дәл келетін жиналысы, сөз байласуы, жұрт жинасуы, от тастауы, өрт сөндіруі емес пе?» [4;168.]. Оқиғалар өте көп, бірақ ол кемшілік емес, өйткені оның барлығы негізгі характерге қызмет етіп тұр. «Артық оқиғалар» роман шеберлігінің әрбір қырын характерге қатыссыз жеке алып талдағанда, кейде өте жоғары бағаланады. Ал бірақ роман

зандылығы олай етуді көтермейді. Ондағы сюжет пен характер тұтасып барып бір мақсатқа қызмет етеді. Сюжетке желі болып тартылған оқиғалардың ірісі де, уағы да сол басты геройдың бір мінезін танытуға, жаңа қырын ашуға ғана қызмет етсе, онда сол романға тиісті бөлшек бола алады. Өзінен өзгеше боп тұрған, бөлек дүние роман сюжетіндегі өмірге ілесе алмайды. З.Шашкин «Сәбит романдары туралы ойлар» деген мақаласында романдағы осындағы «артық оқиғаларды» жазушының көркемдік тәсілі деп көрсетеді [13;65]. Фалым М.Дүйсенов бұл мақаланы сыйнайды. «Егер де сол қосалқы новеллалар геройдың образын жасауға, характерін ашуға септігін тигізсе, оның артықтығы білінбес еді. Ал енді тек оқушыларды оқиға желісіне еліктіру үшін қосылған анекdot сияқты қосалқы новеллалар, сөз жок, оқушы назарын басқа жаққа алып кетеді. ...Сондықтан «тәсіл» екен деп, шығарманың мазмұнына қатысы жок, ойдағы бөлөттің қосалқылардың артық екені дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат» [13;189.]. Романда суреттегендің бір өмір бар. Одан ауытқып, басқа арнаға тұсу – тұтастықты бұзы болмақ. Көп зерттеушілердің еңбегінде өте жоғары баға алған Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы туралы айтқан Р.Бердібай пікірін романның тұтастығын мойындайтын жан терістей алмайды. «Кейде көркемдік жағынан нанымды, шебер жазылған тараулардың шығарманың өзекті мақсатына қызмет атқармайтын кезі болады. Мәселен, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында жеке дара алғанда тартымды баяндалған кейбір тараулар басы артық өшекей секілденіп тұрады. Жекенің мәні жалпыға қатыстылығымен, жалпының мәнін ашуға септігін тигізе алатындығымен өлшенеді ғой» [6;20.]. Фалым балықшылар өмірін бірнеше рет қайталай суреттегендегі, олардың өмірлерінің ауыр екенін түсіндіреді, бірақ еш қосымша жүк арқаламай тұрған бұл суреттеулер тек қайталау ретінде ғана көрінетінін ескерtedі. Негізгі жүкті көтеріп тұрған басты тұлға Еламанды түрмеге жіберіп, қалған балықшылар өмірін суреттеп кеткені де, роман өміріне сәйкес емес. Қоғамдағы бар мәселе Еламан жүргегінен өткізіліп берілуге тиіс. Себебі романның басты тұлғасы – Еламан. Басқалардан ғөрі ел аузында аты сакталып қалған Судыр Ахметке қатысты оқиғаларды алайық. Бұндай жаннның ел арасында болатынына да сенуге болады. Бірақ осы кейіпкер романның түпкі мақсатына қандай қызмет атқарып тұр? Романнан «тыс өмір сүріп жүреді». «Басы артық өшे-

кей сияқты» десек артық емес. Романдағы өмір ондағы оқиғаларды іріктеу кезінде анық танылып отырады. Ол «өмір» қайталауларды, әлсіздік пен салғырттықты көтермейді. «Қан мен тердін» әлсіз жағы жазушының бас қаһармандарды өсіреп желіні жете іріктеп алмауында. Мәселен, Еламан мен Қаленді кенет кісі өлтіргіш етіп, көзден таса еткеннен гөрі олардың сондай сойқан істерге қалай барғанына дейінгі байланыстарды суреттеу ұтымдырақ болар ма еді, қайтер еді?» [6;20]. «Қаһарманның әлеуметтік, қоғамдық істердегі беті жақсы ашылмай калуы образды әлсіреткен» [11], – дегенде романға қойылар басты талаптың өзін көрсетеді. Сюжет пен харacterдің бірлігі дегенді осыдан теренірек үфуга болады. Мысалы, «Боранда» жай ғана шопан Қоспан өмірі сол қоғамдағы барлық адамдардың жүргегіндегі жараны дәл танытуымен бағалы. Соғыстың жаумен бетпе-бет келгендердегі ауырлығын біраз жазушылар айта алды, тұтқындық қасіретін, елге келгеннен кейінгі сенімсіздік пен «сатқын» деген ат салған жүрек жарасын тек Қоспан арқылы Т.Ахтанов айта алды. Ғалымның 1964 жылы жарық көрген «Әдебиет және өмір» деген өдеби сын мақалаларының жинағында романның көркемдік әлеміне қойылар талаптар анық көрсетілген. «Характер жасау жолында», «Сюжет пен харacter» деген тараулары роман теориясына тым терендей еніп, романды зерттеудегі қазіргі күні жаңа концепция делініп жүрген талдаулармен сабактастыры үлкен ғалымның таза ғылым жолында адал еңбек еткенін танытқандай. 1967 жылы шықкан «Роман және заман» деген еңбегінде ғылыми талдауларын терендетіп, қазақ романының теориясын жасаудағы үлкен кадам болғанын көрсетеді. Бұл еңбек туралы белгілі ғалым Ә.Қоныратбаев былай дейді: «Бердібаевта жадағай өміrbаян қуатын монографиялар жоқ, не жазса да өнер

занына жақын келіп, жазушыларға ғылыми тұрғыда көмек көрсеткісі келеді. Романды сөз етсе, сюжет, тартыс, тіл, көркемдік, образ зандарын коса қамтиды», – дейді. Р.Бердібай роман жанрының көтеретін ауыр міндеттін сол кездерде нақты көре білген. Және өз еңбектерінде романдарды осы талаппен ғана бағалаған. «Өскен өркенде» автордың мұрат етіп көрсетпек, суреттемек болған мәселелері бүгінгі заманың ең жоталы, ең зәру және қат-қабат астарлы жайлары екенін көреміз [6;11.]. Демек романда адам өмірін түгелге жуық суреттеу ғана шарт емес, романда заманың шешімін күткен ірі мәселесі, оны тудырған себептер мен оның салдарлары, соған мүмкін шешімдер көрсетілуге тиіс.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Қекішев Т. Махаң мен Сәбен// Егемен Қазақстан. 28.07.2010.
2. Қенжебаев Б. «Абай» туралы// Шындық және шеберлік. Алматы, 1966.
3. Қабдолов З. Қөзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). Алматы: Рауан, 1996. 256 б.
4. Мусірепов Ғ. Бес томдық шығ.жин. Алматы: Жазушы, 1975. 554 б.
5. Ахметов З.А. Современное развитие и традиции казахской литературы. Алма-Ата: Наука, 1978. 328 с.
6. Бердібаев Р. Әдебиет және өмір. Алматы, 1965. 184 б.
7. Коныратбаев Ә. Шеберлік сырлары. Алматы: Жазушы, 1979. 164 б.
8. Қаратаев М. 3 томдық шығ.жин. Алматы: Жазушы, 1974. 3–т.
9. Нұргали Р. Телағыс. Монография. Алматы: Жазушы, 1986. 440 б.
10. Бердібаев Р. Роман туралы ойлар// Қазақ әдебиеті. 20.05.1960.
11. Бердібаев Р. Сюжет және характер// Жұлдыз. 1962. №1. 144–150 бб.
12. Қаратаев М. 3 томдық шығ.жин. Алматы: Жазушы, 1974.
13. Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы: ҚР FA баспасы, 1967. 210 б.